

Сабақтың тақырыбы:

Ыбырай Алтынсарин "Әке мен бала"

Мақсаты:

Тәрбиелі де білімді, жаңаша ойлай алатын, өзіндік шешім қабылдай білетін, дені сау, жауапкершілігі мол тұлға қалыптастыру.

Сабақ барысы:

1. Ұйымдастыру

2. Үй жұмысы

3. Жаңа сабақ

Үй тапсырмасын сұрау:

Аңыз-әңгімелер.

Тапсырмалар:

Аңыз-әңгімелер дегеніміз не?

Аңыз-әңгімелер неге байланысты дүниеге келген?


Аңыз-әңгімелердің кейіпкерлері кімдер?

Аңыз-әңгімелердің ертегіден айырмашылығы неде?

Қандай аңыз-әңгімелерді білесіңдер?

Үй тапсырмасы

/тірек сызбаны толтыру/





Жаңа сабақ: Ыбырай Алтынсарин "Әке мен бала"

Хронологиялық кесте

1841-20қазан- қазіргі Қостанай облысы, Қостанай ауданында дүниеге келген.

1850жылы- Орынбордағы орыс-қазақ мектебіне қабылданады.

1857 жылы- мектепті «үздік бағамен» бітіріп шығады.

1857-1859 жылдары- атасы Балғожаның қарауында тілмаштық қызмет атқарады.

1859 жылы- Орынбор облыстық шекара басқармасына тілмаш болып орналасады.

1860 жылы- Батыс Қазақстан өлкесінен ашылған Торғайдағы мектепке мұғалім болып тағайындалады.

1864 жылы қаңтардың 8-і күні – Торғайда мектеп ашады.

1876 жылы- Петербург, Қазанқалаларына барып, орыс ағартушыларына еліктеп, тұңғыш оқулықтар жазуға кіріседі.

1879 жылы – Торғайоблысы мектептерінің инспекторы болып тағайындалады.

Осы жылы «Қазақ хрестоматиясы» атты кітабы шығады.

1879-1883 жылдар аралығы- Торғай, Ырғыз, Троицк, Ақтөбе жаңа мектептер ашады.

1881 жылы- Омбы қаласында тұңғыш мұғалімдер мектебі ашылады.

1883 жылы- Торғай қаласында қолөнер мектебі ашылады.

1887жылы – Ырғызда тұңғыш қыздар мектебін ашады.

1889 жылы 9-шілде - дүниеден өтеді.

Ақындығын таныту

Өлеңдері:



«Кел, балалар, оқылық!»

,

«Өзен».

«Өнер – білім бар
жұрттар»,

«Бұл кім?»

«Жаз» т.б.

Кел, балалар, оқылық!

Кел, балалар, оқылық!

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық!

Оқысаңыз, балалар,

Шамнан шырақ жағылар,

Тілегенің алдыңнан

Іздемей-ақ табылар!

Өнер –білім бар жұрттар

Біз надан боп өсірдік
Иектегі сақалды,
«Өнер - жігіт көркі» деп
Ескермедік мақалды ...
Біз болмасақ, сіз барсыз
Үміт еткен достарым,
Сіздерге бердім батамды.

Жазушы болған

Әңгімелері:



**«Асыл шөп»,
«Әке мен бала»,
«Жаман жолдас»,
«Бақша ағаштары»,
«Аурудан - аяған күштірек»
т.б.**

Әңгімелеріндегі
тәлім-тәрбие

ұстамдық

шындық

қайырымдылық

адамгершілік

әділдік

кісілік

еңбекшіл

төзімділік

достық

оқу-білім

өнер

мейірімділік

талаптылық

Аудармашы

Аудармалары:



**«Қайырымды түлкі»,
«Қарға мен түлкі»,
«Екі шыбын»
(И.А. Крыловтан)**

Мектеп ашқан



Қостанай қаласында 1890 жылдары ашылған орыс-қазақ училищесінің үйі.



Орда қаласында 1901 жылы салынған екі кластық орыс-қазақ училищесінің үйі.
(Қазіргі Орал облысының Орда ауданындағы Орда поселкесі).



Ыбырайдың баласымен түскен суреті

В 494.341-82

АУУ

КЪРГЪЗСКЪЯ

ХРЕСТОМАТІЯ.

СОСТАВИЛЪ

И. АЛТЫНСАРИНЪ.

КНИГА ПЕРВАЯ.

Оренбургъ.

ТИПОГРАФІЯ П. П. КВѢЦОВСКАГО — МИРСКЕВСКАГО.

1879

Ыбырай (Ибраһим) Алтынсарин

**ҚАЗАҚ
ХРЕСТОМАТИЯСЫ**





ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН

ӨНЕР-БІЛІМ
БАР
ЖҮРТТАР



Ыбырай мектепте оқып жүрген кезде, атасы Балқожа бидің жазған хаты:

«Үміт еткен көзімнің нұры - балам.»

Үміт еткен көзімнің нұры – балам,
Жаныңа жәрдем берсін хақ тағалам.
Атаң мұнда анаңмен есен – аман,
Сүйіп сәлем жазады бүгін саған.
Атаңды сағындым деп асығарсың,
Оқуға көңіл бөлсең, басыларсың.
Ата – анаңды өнер білсең, асырарсың,
Надан боп білмей қалсаң, «аһ» ұрарсың.
Шырағым, мұнда жүрсең, не етер едің?
Қолыңа құрық алып кетер едің.
Тентіреп екі ауылдың арасында,
Жүргенмен, не мұратқа жетер едің?!

“Әке мен бала” әңгімесі бойынша

тапсырмалар:

1. «Әке мен бала» әңгімесінің басты кейіпкерлері кімдер?
 2. Әңгіменің басты тақырыбы не туралы?
 3. Таға дегеніміз не?
 4. Ұста дегеніміз кім?
5. Әкесі шиені сатып алғаннан кейін бірден баласына неге бермейді?
6. Әңгімеден мақалды тауып, оқып, мазмұнын түсіндіріңдер.
7. Баланың іс-әрекетіндегі жағдай / ситуация/ сіздің басыңыздан өтті ме?
Балаға қандай мінездеме берер едіңіздер?

Сөздікпен жұмыс

- ескі таға – старая подкова
- иіліп алды – наклонился и взял
- ұста - кузнец
- аяңдап жүрді – шли медленно, не спеша
- азға қанағат ету – довольствоватся
малым
- көптен құр қаларсың – останешься ни
с чем

Сыныпты 2 топқа бөлу

I топ “Сұңқарлар”

II топ “Қырандар”

Тапсырмалар

I топ

Балаға мінездеме:

Еріншек

Жалқау

Жай басар

I топ

Өлеңдерін атап, жазу

I топ

Тәрбиеге байланысты
мақал- мәтел

I топ

Әке, таға сөздерінен
сөз тіркестерін құрау

II топ

Баланың мінезіне қарама-қарсы қасиеттер:

Еңбексүйгіш

Еңбекқор

Пысық

II топ

Әңгімелерін атап, жазу

II топ

Еңбекке байланысты
мақал-мәтел

II топ

Бала, шие сөздерінен
сөз тіркестерін құрау

Қарама-қарсы элементтер» стратегиясы

«Әке мен бала» әңгімесі бойынша талдау жұмыстары.

1 топ	2 топ
Әке	Бала
Үлкен кісі Тағаны алады Ақылды адам Шие сатып алды Еңбектенді	Жас бала Алғысы келмейді Ақылсыз бала Сатып алмады Еңбектенген жоқ

Сабақты бекіту сұрақтары:

Тест

Ыбырай Алтынсарин қай жылы дүниеге келді?

а/ 1841 ә/ 1842 б/ 1843

Ыбырай Алтынсаринді кім тәрбиелеген?

а/ ата-анасы ә/ әжесі б/ атасы

Ыбырай Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» қай жылы жарық көрді?

а/ 1878 ә/ 1879 б/ 1880

Ыбырай Алтынсарин кім болған?

а/ әңгімеші ә/ педагог б/ драматург

«Кел, балалар, оқылық!» өлеңінің авторы?

а/ Абай ә/ Ахмет б/ Ыбырай

Ұлы ұстазға шәкіртпіз

Жырын жаттап жатамыз
Жалықпастан қыс-жазы
Ұлы Ыбырай атамыз-
Ұстаздардың ұстазы.

Оқығаннан кезінде-
Озған алғаш сол екен!
Мектептердің өзін де
Ашқан алғаш сол екен!

Ұран тастап көп елге:
«Кел, балалар, оқылық!»
Деген сөзін көңілге
«Ықыласпен тоқыдық»

Бұларды да мектепте
Білдік алғаш оқып біз
Ұлы болып кетсек те
Ұлы ұстазға шәкіртпіз.

(Ж.Әбдірашев)

Үйге тапсырма:

- «Әке мен бала» әңгімесінің мазмұнын айту.
- «Кел, балалар, оқылық!» өлеңін жаттау.